

Сәбидің шаттық күлкісі

Қазан айының салқын да, бұлтты күні. Ауа-райына қарасаң түнжырғаң түсіп, еңсең басылып, серпіле де алмайсың. Сары жапырақ қоңыр салқын ауа-райы, жабырқаулы көңіл-күй, қара суық жер күзге тән қасиет. Ал біздің балалақшада жаңа көктем шыққандай, ерекше ауа-райы. Күзде балабақшада әр түрлі іс-шаралар өтеді. Соның бірі Алтын күз. Биыл ғана балабақшаның есігін ашқан бөбектеріздің жүздері бал-бұл жанады. Өйткені олар бірінші рет «Алтын күз» мерекесін тойлау үстінде. Ханшайымдар үстеріне киген әдемі көйлектерімен, сәнмен жинақталған шаштарына, шаттық жүздеріне қарасаң көңіл тойярлықтай. Ханзадаларымызда ханшайымдарымыздан қалысар түрі жоқ. Бірінен бірі өткен сері жігіттер. Би билегенін көрсен шіркін-ай дерсің бірінен-бірі қалысар емес.

Балаларының былдырлап айтқан тақпақтарымен әсем әндерін естіп, мың бұралып билеген билерін көру үшін ата-аналар жұмыстарынан сұранып, алтын уақыттарын бөліп келді. Бір серпіліп жүз жасап қалғандары жүздерінен көрініп тұрды. Көздеріндегі қуанышты айтпай-ақ көруге болатын еді. Екінші кіші топтың мерекелік ертенгілігі балалардың жас ерекшелігіне сай дәрежеде өтті деген тұжырымға келді төрешілер. Қорыта келсек «Алтын күз» мерекесі тамаша өтті. Әнде айтылды, биде биленді, ең бастысы балалардың жүзінде шаттық көңіл ойнады. Әрқашан сәбилеріміздің жүздерінен күлкі кетпесін деп тілеймін.

№3 балабақшаның тәрбиешісі:
Садвокасова В.А.



